

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт  
министрлігі**

**Атырау облысы әкімдігі  
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы  
РМҚК**

**Атырау өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік  
университеті**

**Еуразия Ғылыми-зерттеу институты**

**ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ЖӘНЕ САРАЙШЫҚ – ҚАЗАҚ  
МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ БАСТАУЫНДА (Халықаралық Ғылыми-  
тәжірибелік конференциясының материалдары)**

2019 ж

## МАЗМҰНЫ

Жұмағанбетов Т.С. Политический кризис в улусе Джучи 1362-1380 гг.....	139
Жүсіпов Р. Б. Уәли ханның Ресейге бағытталған елшіліктері.....	147
Зайончковский Ю.В., Тишкин В.Е. Новые данные об одной группе позднеджучидских серебряных монет, отчеканенных лицевыми штемпелями с именами разных ханов.....	152
Исин А. К проблеме названий Джучидских государств.....	159
Кенжеахмет Н. Ортағасырлық Шығыс карталарындағы Маңғыстау және Каспий Теңізі...	162
Кольцов П.М., Обухов Ю.Д. Формирование золотоордынской культуры на территории Северо-Западного Прикаспия в XIII-XIV вв.....	167
Қалменов М.Д., Бижанова Ә.Е. Жайық өзені бойындағы ортағасырлық қалалар туралы жазба және картографиялық деректер.....	172
Касенов М.С., Жұмабаев А.Ж. Городище Сарайшык – в источниках.....	177
Мұқтар Ә.Қ. Жошы Ұлысының рухани астанасы - Сарайшық ел билеушілерінің пантеоны..	181
Мұстафин Ж.Ж. Сарайшық көркеуінің негізгі себептері мен салдарлары.....	186
Нұғманова Н.Т. Л.Л. Галкин - один из исследователей городища Сарайшык.....	193
<b>Өтениязов С. Қазақстан тарихындағы Сарайшық мәселелері.....</b>	<b>196-202</b>
Пантелеев С.А. О серебряных монетах в погребениях золотоордынского времени. Могильник бугра «Маячный».....	203
Петров П.Н. Методологические вопросы установления границ	

## Ә.Х.МАРҒҰЛАН ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ САРАЙШЫҚ ТАҒДЫРЫ

С. Өтениязов , т.ғ.к. Әл Фараби атындағы ҚазҰУ

Қыпшақ мәдениетінің үлкен орталықтарының бірі Жайық бойындағы Сарайшық қаласы XVI ғасырдың ақырына дейін өмір сүрді. Еуропа мен Азияны жалғастырған Жібек жолының бір керуен сарайы, үлкен сауда

орталығы әсем қаланы көрген саяхатшылар жазбалары Сарайшықтың аса көрікті мәдени орталық болғанын дәлелдейді. Осы сұлу қалада болып естеліктер қалдырғандарды атап айтсақ Ибн Баттута (1334 жыл), Австрияның Ресейдегі елшісі Сигизмунд Герберштейн (1549 жыл), ағылшын саудагері Антоний Дженкинсон (1558 жыл) осы әсем қалада болып естелік жазбалар қалдырды.

1581 жылы (кейбір деректерде 1580 жылы) Ә.Марғұлан жазбаларына қарағанда 1586 жылы Дон казактары осынау гүлденген бай қала Сарайшыққа тұтқиылдан шабуыл жасап қиратады, халқын қырады, ең соңында қала маңындағы адамдар жерленген молаларды

197

(пантеонды) қазып тонайды. Ресей баскесер бұзықтарының қай заманда да түркі халықтарының молаларын тонап алтын күміс сияқты бағалы заттар іздеуі дәстүрлі тіршілік еді. Алтын Орда мен Ноғайлы кейінірек Қазақ астанасы болған әсем қалада талай мемлекет қайраткерлері мен белгілі тарихи тұлғалар жерленген молалардан әрине бағалы заттар мен қару жарақтар табылған. Алтын, күмістен жасалған зергерлік бұйымдар мен бағалы заттарды тонап, кейбір тот басып ескірген қару жарақтарды тастап кетіп отырған. Ондай қару жарақтар сол қала маңында алпысыншы жылдарға дейін табылатын еді - дейді кейбір жолдастарымыз, сол елдің тұрғындары. Сондай ақ әр заманның тиын ақшалары т.б. бұйымдар сол орыс мола тонаушылардың алтын болмаған соң алмай тастап кеткен заттары еді. Сол халқы қырылған өлі қаланы Ресей өкіметі XVIII ғасырға дейін тонады. Қала сарайлары мен ғимараттардың және қаланы қоршаған дуалдардың тастары мен кірпіштерін тасып алып Ресей басқыншылары көптеген крепостарын және Гурьев қаласын құруға пайдаланды. Сондықтан ірі мәдени орталық әсем қаланың жұрты ғана қалды.

Орыстардың қорғандарды қазып мола тонаушылары Сібір мен Алтайда XVII, XVIII ғасырда да жалғасып жатты. Орыс отаршылары Сібірдің қай жеріне келсе де ең алдымен бұрынғы, ескі молаларды қазып алтын іздегені белгілі. Сондықтан XVIII ғасырда Сібірге түгелдей мола тонаушылар індеті тарады. Осынау індетті /проблеманы/ орысша “Эпидемия кладоискательства” – деп атаса, әлгі тонаушыларды “кладоискатели”, “курганщики”, “бугровщики” әлде “гробокопатели” кейінірек “гробокопатели” деп әртүрлі атады. Олардың мақсаты белгілі, ертедегі

түркілер молаларын қазып, тонап оңай олжаға бату ғана болды. Олардың біраз бөлігін жергілікті басшылар яғни губернаторлар қолдады, себебі түскен пайдаға ортақ болуға бастықтар өте құштар болды.

Сол Сібір мен Алтайды тонаған мола қазушылардың зергерлік алтын бұйымдарының кішкентай бір бөлігі 1 Петрдің қолына түскен себепті 1714 ашылған кунскамерада сақталды. Кейінірек Эрмитажға өтті. Осынау ертедегі түркі халықтарының зергерлік бұйымдарынан құралған экспонаттар «1 Петрдің Сібір коллекциясы» деп аталады (Руденко С.И.). [1]

Сол Сарайшық қаласы құлаған соң Батыс Қазақстан мен Ресей басқыншылары арасында әскери қақтығыстар басталды. Осы қиян кескі соғыстар 300 жылға созылды. Әр қайсысы 150 жылдан тұратын екі кезеңге бөлінеді. Ең соңы 1874 жылы Адайлар көтерілісімен аяқталды.

Осынау 1580–1730 жылдардағы 150 жылға созылған орыс пен қазақ арасындағы қырғын соғысты белгілі зерттеуші М. Әбдіров: «...С конца XVI – начала XVIII в. начинается ожесточенная и кровополитная, длившаяся 150 лет, казахско- казачья война. С этого момента вся история взаимоотношений казахов с яицкими / Жайық өзені/ казаками заполнена взаимными набегами, враждой захватом пленных и угоном скота. Борьба шла не на жизнь, а на смерть, с переменным успехом, и в этой борьбе не было ни победителей, ни побежденных, никто не хотел уступать. [2, с. 44–45]– деп жазған болса, қазақ елінің басына түскен соншама ауыртпалық туралы: - «...Многострадальная казахская земля обильно полита кровью наших предков, отстаивших право на мирную жизнь на древней, исконно своей территории...» [2, с. 45] – деп жан-жақты анықтамасын берген болатын.

Ал, екінші 150 жылдық кезең туралы (XVIII бен XIX ғасырлар) аса қиын кезең туралы Х. Досмұхамедов: «...Осы екі ғасырдағы патша өкіметінің жұмысы қазақты әбден бағындырып алып, қазақты көпір қылып Азияға аттау болды. Қазақтың амалы таптайын деп тұрған патша өкіметінен құтылу болды. Дәуірлеп келе жатқан орыс байларының капиталымен жауласам деп, Кіші жүздің жүз жарым жылдай тарихы қанмен жазылғандай болды.»[3, с.53] -деп толық бейнесін берген еді.

Осылай Кіші жүз қазақтарының Ресей басқыншыларымен соғысы әрқайсысы 150 жылдан тұратын екі кезең, демек барлығы 300 жыл соғыс. Осы Кіші жүз қазақтары мен орыс казактары арасындағы қырғын соғысты М.Әбдіров: «...Они были хорошо вооружены и обучены, прекрасно организованы, дисциплинированы, обладали громадным опытом борьбы с

покоренными народами. Вот с такими отборными воинскими отрядами 300 лет

198

воевали Қазахи за свою свободу и независимость, отстаивая родную землю...»[2, с. 7–8]деп мінездеме берген еді. Қазақ еліне толассыз шабуыл жасаған орыс – казактардың жауыздығы мен зұлымдығы туралы орыс тарихшылары да көптеп жазды.

Мысалы тарихшы А. Рябинин: «...У яицких казаков был один смертельный враг - это киргизы (т.е. казахи). Они были «враги неутомимые, настойчивые, не знавшие ни страха, ни усталости. Яицкие казаки вели против них войну настоящую и ожесточенную» [4, с. 28] - деп жазғаны қазақтардан басқаның бәрін тізе бүктірдік енді тек қазақтарды бағындыру ғана қалып тұр деп жазып, қаншама қазақ ауылдарын түгелдей аямай, жауыздық пен қатыгездіктің неше түрін көрсетіп қырып жібергенін баяндайды... А.Карпов кітабында: «...Раз это киргиз – то враг, заклятый враг и все, что носило на себе киргизский облик, все уничтожалось, билось казаками на смерть, целые аулы, старцы, жены – все истреблялось; убивались дети и грудные младенцы, - «вырастут – укусят!» говорили казаки и поднимали их на копья. Истреблять басурманина – такова была миссия казака того времени, миссия, освященная церковью» [5, с. 332–333] - деп неше түрлі зұлымдықтарды жазды.

1692 жылы Ресей мемлекет басына І Петр келген соң орыс әскерлерінің Қазақ жеріне жаңа қарқынды шабуылдары басталды. Себебі І Петр қалмақтардың ұйымдасқан қарулы отрядтарын қазақ еліне айдап салып отырды және тісіне дейін қаруландырды. Аюкені қалмақтың ханы етіп тағайындап, барлық титулды, барлық сыйлықты соған берді. Оның негізгі міндеті қазақ елін шауып қирату ғана болды. Сорлы Аюке хан тегін сыйлықтар мен арзан титулдарға қызығып өз қандастарын өлімге айдап отырғанын түсінбеген болар. Түсінген болуы мүмкін тек өлер алдында 1724 жылы қалмақтардың Әбілхайыр әскерлерінің қолынан қырылып жатқанында ғана. Не деген сұрқиялық өмір. Күні кеше Шыңғысханның қандасымыз, ұрпағымыз деп жүрген халықтың Ресей сойылын соғып жүріп арам өлгені әрине жетесіздік, сұрқиялық, ұят, яғни даңқсыз өмір.

Әрине І Петр келген соң тісіне дейін қаруланған казачьи отрядтар мен қалмақтар шабуылынан қазақ елінің есесі кете бастады. Сол кезде

қазақ елі үшін І Петрден кем емес тұлға жарқырап тарихи аренаға келді. Жас батыр қолбасшының аты Әбілхайыр (1685– 1748) еді. Бұл 1700 жылдар болатын. Қазақ елі мен Ресей қоластындағы туысқан башқұрт халқын қызғыштай қорғаған ерлігі ескеріліп 1709 жылдың күзінде Әбілхайырды Кіші жүзге Тәуке ханның өзі бас болып билер кеңесінің шешімімен хан сайлады. Әбілхайырдың қазақ елін Ресей басқыншыларынан 48 жыл бойы қорғаған ерліктері халқымыздың тарихындағы өшпес батырлық пен ерліктер.

Орыс қазақ қатынасы тарихы қазақ халқының ұлт азаттық соғысынан тұрады. Орыс казачьи отрядтарының жауыздығы мен зұлымдығынан және оған қазақ, елінің жанкешті, ел қорғап жанталасқан шайқастарынан тұрады. Қазақ елінің орыстарға қарсы жанкешті соғыстары патриотизм мен батырлықтың және ерліктің шыңы болғанын бұл күнде мақтанышпен айтудың орнына көз-көрекі жасырып келе жатырмыз. Кіші жүз халқының ата мекенін қорғаудағы ерліктері мен батырлығы туралы орыс зерттеушілері де көптеп жазды... Мысалы: «...Казахи Младшего жуза. отличались «диким, буйным, резко выраженным характером». В степи казах почти непобедим, говорили о них, а в ручной схватке физическая сила, ловкость владеть холодным оружием и управлять конем дают ему величайший перевес над царскими войсками.» [6, с. 300–301; 2, с. 72] - деп жалпы анықтамасын берген еді.

Сарайшық қаласының жұрты мен қасиетті топырағы жоғарыда айтылған қиян кескі соғыстар мен шайқастардың үнсіз күәгері болып қалды.

Сарайшық трагедиясы туралы жазғандар П. Рычков, Н.М. Карамзин, А.Б. Карпов, А. Рябинин т.б. болса ХХ ғасырда жазғандарды ұзын саны көп. Б.А. Кочекаев, Р.Г. Скрынников, М. Абдиров т.б

Сарайшық жұрты қаншама жылдар бойы тоналып жатты. Оған ресми ұйымдастырылған археологиялық экспедицияны 1937 жылы Н.К. Арзютов басқарды. Келесі жылы ол репрессияға ұшыраған себепті және 1942 жылы Красноярск өлкесінде

199

қайтыс болғандықтан оның ғылыми есебі жарық көрмей жатты. Ә.Х. Марғұланның мұрындық болуымен 1949 жылы ҚазССР Ғылым

академиясының Хабаршысына (№ 67) Н.К. Арзютовтың Сарайшық қаласын қазған есебі жарық көрді. Сарайшыққа жасалған келесі ресми археологиялық экспедицияны Ә.Х. Марғұлан басқарды. Осы екі экспедиция екеуі де өз жұмыстарын толық орындай алмады. Арзютов репрессияға ұшыраған болса, Әлекең де сондай пәледен әрең аман қалған сияқты. Жалпы Марғұлан экспедициясы сол кездегі ҚазССР Ғылым академиясы президенті Қ.И. Сәтбаевтың ерекше қамқорлығы арқасында болған еді. Оның есесіне 1952 жылы Қ.И. Сәтбаевтың өзі жауапқа тартылып Ғылым академия президенті қызметінен босатылды. Оның орнына Ғылымға қатысы болмаса да Д.А. Қонаев отырды. 1956 жылы Қаныш Имантайұлы өз орнына қайтып келгенде Ш.Ш. Уәлиханов ғылыми мұрасын игеріп жарыққа шығару науқаны тоқтап қалғанын көреді. Сол кезге дейін алты рет Шоқантанушылар тобы құрылған екен, ешқандай нәтиже бермегенін көріп Шоқантанушылар тобын басқаруды Әлкей Марғұланға тапсырады. Соның арқасында 1958 жылы Шоқанның Таңдамалы шығармалары жарық көрді. 1961 жылы 1-томы, одан соң басқа томдары жарық көрді...

Біз енді Сарайшыққа жасаған Ә.Х. Марғұланның археологиялық экспедициясының ғылыми есебіне шолу жасайық. Айтпақшы бұл материал қаншама құнды болса да осы уақытқа дейін еш жерде жарық көрмепті. 1950 жылы сентябрьдің 22 күні Ә.Х. Марғұлан Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтінің Ғылыми кеңесінде Сарайшық экспедициясы туралы жасаған баяндама есебінің протоколының көшірмесі профессор Хисмет Табылдиевтің жеке архивінде сақталыпты. (Ол 2018 жылы январьда қайтыс болды). Өлкетанушы ғалым ағамыз Атырау өңіріне қатысты құжаттар мен деректерді өте ыждағаттылықпен жиыстырып, қызғыштай қорып, өлке тарихының білгірі болғаны және Алматыдағы ғылыми орталықтар мен архивтерге етене жақын араласқаны белгілі. Әрине академик Ә.Х. Марғұланның Сарайшық туралы жазған зерттеулері біздің қолымызға түскен жоқ. Егер сол бір зерттеулерді қазіргі Тарих ғылымының игілігіне жаратса нұр үстіне нұр болар еді. Себебі Әлекең Кеңес Одағы заманында бауырын жазып, көсіліп шаба алмаған тұлпардың бірі, яғни халқымыздың мәдениеті мен тарихының үлкен жанашыры, ерекше патриот жан еді. Қысқаша болса да сол Ғылыми кеңесте Әлекең жасаған баяндаманың Хисекең үйінде сақталған протоколын көпшілікке ұсынғанды жөн көрдік.

Отчет о работе Сектора археологической экспедиции за 1950 План работы на 1951– 1955 гг. Переписка по археологическим исследованиям за 1950 г. // Д. 11. Ф. 557. О.36.

Ә.Х.Марғұланның осы документ ішіндегі Сарайшық экспедициясы бойынша жасаған есебін қазақ тіліне ықшамдап аударып беріп отырмыз..

22 қыркүйек 1950 ж. Қазақ КСР ҒА тарих, археология және этнография институты Ғылыми кеңесінің мәжілісінде Қазақ КСР ҒА корр.мүшесі Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі Ә.Х. Марғұланның есебі тыңдалады.

Ол есепте былай жазылған: Экспедиция жұмысының негізгі объектісі Сарайшық қаласы болды. Орыс жылнамаларына қарағанда 1586 ж. дон казактары Орал өзендері арқылы көтеріліп, Сарайшыққа жетеді, оны талқандайды, Левшин мен Рычков та осыны дәлелдейді. Сонымен, 16 ғ. аяғында Сарайшық орны (жұрты) үйінді болып жатты. Сарайшықтың үйінділерінде Паллас, Рычков және басқа 18 ғ. зерттеушілері болған. Қирап жатқан территорияда архитектуралық құрылыстардың, сарайлардың және күйдірілген кірпіштен жасалған басқа үйлердің де қалдықтары сақталған. Бұл құрылыстардың қалдығын жергілікті халық алғанын алып кеткен, өздерінше қазба ұйымдастырған [130].

Марғұланның есебіне қарағанда, экспедицияның мақсаты қираған қаланы зерттеу болды. Экспедиция солтүстік маршрутпен Жезқазған, Торғай далалары, Шалқар стансасы арқылы шықты. Сарайшық қаласы Гурьев қаласынан 48 км Орал (Жайық) өзенінен жоғары жақта орналасқан. Барлау кезінде Орал өзенінің сол жағалауында ежелгі керуен сарайдың қалдықтары табылды, оның қарсысында Ибн Батута жазған көпір болған болу

200

керек. Қаланың оң жақ бөлігі жеке төмпешіктерден (бугра) тұрады, олардың биіктігі 2 м. [130].

Сарайшықтың үйінділерінде Орта Азия қалаларындағыдай нақты конфигурация жоқ. Оның ауданы Оңтүстік-Шығыстан солтүстік-батысқа қарай 1,5 км, ал солтүстік батыстан шығысқа - 1 км. Қала земляной валмен қоршалған, оның іздері қазіргі кезге дейін сақталған [130]. (Әрине земляной валдың сырты тастармен және тас кірпіштермен қапталған).

Ә. Марғұлан есебіне қарағанда, қалада екі қақпа болған, біреуі бастыстан, екіншісі оңтүстік-батыста, қақпаның бағыты керуен жолдарының бағытына сай келеді. Материалдық мәдениеттің де, қираған қаланың топографиясы сияқты ортаазиялық қалалардан айырмашылығы



бар. Қаланың үйінділері алғаш рет кеңестік дәуірде Арзютов зерттеді, ол үйіндінің түрлі жерлерінде барлығы 13 шурф жасаған, шурфтары аса терең емес, максимум 1,5 м. [с. 131].

Одан әрі Ә. Марғұлан былай жазады: «Осы жылы жүргізілген біздің экспедицияның жұмыстары көрсеткендей, Сарайшық үш мәдени қабаттан тұрады: ежелгі монғол дәуіріне дейін, одан кейін Алтынордалық (Дешті Қыпшақтық), және жоғары қабаты 15–16 ғғ., яғни Үлкен Ноғай ордасының билік құрған уақытына жататын қабат. Жоғары қабат ноғай хандарының молаларының қалдықтарымен белгілі [с. 131].

Экспедиция барлығы 5 қазбаны қойды. № 1 қазбада біз үлкен ғимараттың қалдықтарын көрдік, бұл қандай да бір сарай қалдықтары болуы мүмкін. Біз ашқан қазба 4 бөлмеден тұрады, ғимарат Орта Азия мен Сырдария қалаларына тән кәдімгі көлемдегі күйдірілген кірпіштен салынған. Саз балшықтан жасалған құбырлардан тұратын ежелгі жылыту жүйесі назар аударарлық. Біз түтін шығаратын мұржа таптық, оның тереңдігі 2,28 м [с.131]. Үйдің оңтүстік шығыс бөлігі де назар аудартады. Бұл жерден ротонда түріндегі дөңгелек үйдің қалдықтарын таптық.

№ 2 қазбадан ежелгі күйдіргіш пеш табылды, ол 3 бөлімнен тұрады: негізгі, жеке столбалардан (бағаналардан) тұрады, оны арка тіреп тұрады, ішінде отты камера бар, сонда керамика күйдірілді. Үшінші қазбадан шеберхананың қалдықтары табылды. Ол квадрат ауданды, шеберхана бөлмелері салынған. Үйдің солтүстік жағында екі пеш бар, бұл пештер су құбырымен, саз балшықты құбырмен жалғасқан. Осында металл, темір қорытқан.

Төртінші қазбадан тұрғын үйлер табылды. Мұнда үш қабат бар. Жоғарысында қазақ ноғай дөңгелек мавзолейінің қалдықтары, екіншісі алтынордалық және үшіншісі ежелгі монғол дәуіріне дейінгісі. Бұл жерден біз архаикалық типтегі материалдар таптық, ол Алтын Орда уақытына тән емес. Бұл фактіге қарағанда Сарайшық монғол дәуіріне дейін болған деп айтуға мүмкіндік береді және ол шамамен 12 ғасырда пайда болды деген қорытындыға келдік, бұл кезде Орал мен Еділдің төменгі жағында қыпшақтардың немесе половецтердің ірі тайпалық одағы өмір сүрді, алайда бұл поселениенің ежелгі атауы, Сарайшыққа дейін өмір сүргені бізге әзірше белгісіз.

Бесінші қазбадан тұрмыстық заттардың қалдықтарымен, идеологиялық заттармен ежелгі тұрғын үйлер табылды. (Марғұлан мәжіліс залына қойылған коллекцияларды түсіндірді).

Қазба кезінде табылған заттарға қарағанда ежелгі Сарайшық қаласы Дешті Қыпшақтың ірі саяси, сауда және мәдени орталығы болды, ол 13, 14, 15, 16 ғасырларға жатады. Ол монғол дәуіріне қарағанда ежелгі заманда (одан бұрын) пайда болды. Сонымен оның тарихы шамамен 500 жылды қамтиды.

Осы кезеңдер ішінде Сарайшық өз дамуында түрлі оқиғаларды бастан кешірді, маңызды өзгерістер болды және қала орталығына айналды, 13–14 ғғ. Алтын Орда хандарының резиденциясы болды, одан кейін 15–16 ғасырларда көшпелі қазақтардың резиденциясына айналды. Марғұлан қазақ хандары Қасым мен Жәнібектің молалары осы жерде екенін Есебінде айтқан [с.132].

201

Есепте Сарайшықтан Хорезмге дейінгі керуен жолы зерттелгенін сипаттаған. Осы жерде егін шаруашылығының мекендері ежелгі және орта ғасырда болғанын және осы үлкен керуен жолында бірқатар керуен сарайлары болғаны жазған [с. 131]. Маршрут Каспий теңізінің солтүстік жағымен жүріп, әуелі Ембінің төменгі жағына, одан кейін Қосшағыл мен Үргеніш арқылы жүрген. Бұл жерде кейін біз орнына келтіретіндей тұтас керуен сарайлар бар екенін экспедиция зерттеушілері қалдықтар бойынша зерттеген. Біз Ембінің төменгі жағындағы екі жерде Ұшқан және солтүстік шығысындағы Қызылқұм құмдарындағы ескерткіштерді зерттедік. Оның ішінде Ұшқан үйінділері ерекше назар аударады. Бұл да Сарайшық сияқты қала, жоғары жағында көптеген тұрмыстық және көркемдік керамика бар. Шамасы, Сарайшықтан кейін Ұшқан көпестер тоқтаған ежелгі керуен жолындағы орталық болса керек [с. 132].

Орта ғасырда Батыс Қазақстанда Сарайшық сияқты үлкен қалалар ғана емес, егін шаруашылығының орталықтары да, керуен сарайлардың басқа да тіректері болғаны, олардың бәрі күйдірілген кірпіштен жасалғаны, ежелгі қолөнер өндірісінің сақталғаны дәлелдейді. Оларды қолөнермен де, егін шаруашылығымен де бірдей айналысқан негізгі халық жасады, сонымен бірге қосымша көшпелі өмір салтында жүрді [с. 132]. Мұны тұрмыстық заттардың формасы да дәлелдейді. Біз таза көшпелі заттарды да, егін

шаруашылығымен айналысқан тұрғындардың да заттарын таптық, демек, бұл ауданда көшпелі және отырықшы мәдениеттің үйлесімдігін дәлелдейді.

Экспедиция негізгі жұмыстан басқа ғылыми дәрістер мен баяндамалар оқыды, мысалы, «Кеңестік ғылымның патриоттық маңызы», сонымен қатар И.В. Сталиннің «Тіл біліміне марксизмнің қатысы» деген әңгіме өткізді.

Осы есептен кейін Ә. Марғұланға сұрақтар қойылды.

Шахматов: Каспий теңізі 12 ғасырдан 15 ғасырға дейін қанша шегінді?

Жауап: осы тақырыпқа ленинградтық жертанушы профессормен әңгімелестім, ол топырақтың құрылымын зерттеп, Алтын Орда кезеңінде Каспий теңізі қазіргіге қарағанда солтүстікке таман орналасты деп бекітті.

Тұрсынбаев: Қала халқы жартылай көшпелі өмір сүрді ме? Демек, егіншілер мен қолөнершілер арасында жоғары пайыз болды деп айтқан дұрыс па? Меніңше, Сарайшық көшпелі даламен қоршалып жатты, демек, қолөнершілер де осы көшпелі далаға жұмыс істеді.

Марғұлан: Мен жергілікті халықтың ішінде қолөнершілер болды деп есептеймін және оны нақты фактілер арқылы дәлелдеуге болады. Олар жергілікті халықтан 12–13 ғғ. бөлініп шықты, тұрмыстық заттарды жасады және жоғарыдағы феодалдарға салтанатты бұйымдар жасады, бұлар қала халқының негізгі құрамы еді, сонымен қатар қаланың әкімшілік бөлігі, бұл жерде көпестер де көп болды.

Шахматов: Ә. Марғұлан баяндамасынан экспедиция нәтижелері назар аударады және Батыс Қазақстан тарихы бойынша бірқатар мәселелерді қайта қарауға көмектеседі, әсіресе көшпелілер мен отырықшылардың өзара қарым қатынасы туралы. Бұл маңызды мәселе. Екіншіден, Алтын Орда дәуіріндегі көшпелі мемлекеттік бірлестіктің орталығы болған, шамасы ол, сауда орталығы ретінде пайда болуы мүмкін, ол Шейбанидтердің Мауераннахрға кеткеннен кейін саяси орталық ретінде көрінді. Өзбек, Қасым тұсында маңызды роль атқарды.

Мен барлық экспедицияға тән кемшілік ретінде жұмыстар аяғына дейін жүргізілмейтінін айтқым келеді. Біздің археологтар шашылып жатады. Марғұлан да Сарайшықта тоқтай алмаған және экспедицияны Усть Уртаға бұрған, бұл Черниковтың экспедициясына да тән, осындай ауданы бар, қысқа мерзімде зерттеу керек, ал ол Жоңғар қақпаларына талпынады, екі күн ішінде түк істей алмайсың [с. 137].

Әлкей Хакановичтің еңбектері өте қызықты. Іс жүзінде Якубовский еңбегінен кейін бізде Алтын Орда кезеңі бойынша қызықты материалдар болған емес. Сарайшықтағы жұмыстарды жалғастыру керек [с. 138].

202

Нүсіпбеков: Біздің мекеме ірі ГЭС ті салу бойынша өз жоспарын ұсыну керек. Бұл Әлкей Хакановичтің жұмысы. Осы мәселені Сарайшық мәселесіне байланысты қою қажет.

Черников (қорытынды сөз): Мен Әлкей Хаканович экспедициясының нәтижелеріне ризамын. Сталинград ГЭСі құрылысна байланысты Сарайшық қазақстандық археологтардың назарында болу керек. Менің соңғы ұсынысым Сарайшықта стационар ұйымдастыруға қол жеткізу керек.

Марғұлан (қорытынды сөз): Біз жалпы жинақталған жоспарды қайта қарауымыз керек және Батыс Қазақстандағы археологиялық жұмыстарды қарастыру қажет. Сталинград ГЭСі Батыс Қазақстанның бүкіл территориясын алады. Менде бұрынғы міндеттер де бар, екі тақырып: «Орталық Қазақстанның монументальды ескерткіштері» және «Мериодиналды көшпелі жолдардың мәселелері». Соңғы тақырып өте маңызды және қызықты.

Біз жоғарыда Шахматовтың Марғұлан экспедициясын асығыс жасағаны туралы айыптаған сөйлемдердің астын сызып қойдық. Жалпы Арзютов экспедициясы да, Марғұлан экспедициясы да тұйыққа тірелгенін анық көреміз. Біріншіден Сарайшықтың тек жұрты жатыр, Ғимараттар мен дуалдардың тастарын алып кетіп топырағын ғана қалдырған. Пантеондағы қабірлер түгелдей тоналған. Мұндай қалаға археологиялық қазба жұмысын жасау оңай емес. Дегенмен сол кезден бері қарай 1996 жылы И. Тасмағанбетов қолға алып З. Самашевке қаздырғанға дейін қаланың көп бөлігін асау Жайық өзені шайып кетті.

Сондықтан Сарайшық қаласының орнын сақтап қалу үшін жалғыз дұрыс және шұғыл шешім Жайықтың арнасын бұру керек деп талай зиялы ағаларымыз дабыл қағып еді. Өкінішке орай ол ұсыныс жүзеге аспады. Себебі қазір Жайықтың опырылып құлап жатқан тік жар жағасына мыңдаған куб бетон құйылып бекітіліп жатыр. Демек өзен арнасын бұрып қала орнын қалпына келтіру енді іске аспайтын болады.

Киелі Сарайшық қаласы Мәскеуден (1147 жыл) бұрын құрылған. Жалпы Сарайшықтан басқа да Алтын Орда астаналарының ешқайсысы сақталған жоқ. Осы жерде Жәнібек хан салғызған Астархан неге сақталды деген сұрақ туады. Сонда Асан қайғы аңыздың туралы аңызды еріксіз еске аламыз. Ел аузынан алынған бұл қысқаша мазмұны мынындай: Жәнібек хан Астархан қаласын құрғызған соң қаланың құрметіне үлкен той жасайды. Сол тойға Асан қайғы келмей қалады. Бұған қатты қайғырған Жәнібек хан Асан қайғыны алдырып себебін сұрайды. Сонда Асан ата: - Келмеген үш себебім бар. Біріншісі - Қаланың іргетасының астында өлген орыстардың бастары қалып кетті. Бұл жаман ырым. Келешекте осы қала орыстардікі бола ма деп қорқамын - деген екен Асан қайғы. Әрине бұл аңыз әңгіме.

Қорыта айтсақ Жайық өзенінің жағасы бетон құйылып құламайтын етіп шегенделіп жатыр. Бұл жақсы әрекет, дегенмен су шайып кеткен қала орнын қалпына келтіру жүзеге асатын болса нұр үстіне нұр болар еді. Басқа тірліктер мен шаралар содан кейін жалғаса береді. Сонда бабаларымыздың әруағы ырза болар еді. Сондай ақ академик Әлкей Марғұланның да арманы орындалар еді демекпіз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Руденко С.И. Сибирская коллекция Петра 1. – М.Л., 1962.
2. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. – А.,1994.
3. Досмұхаметұлы Х. Аламан. – Ташкент, 1926.
4. Рябинин А.Д. Уральское казачье войско. – Ч. I–II. – СПб., 1866.
5. Карпов А.Б. Уральцы. Ч.1. – Уральск, 1911.
6. Казахско – русские отношения в XVIII – XIX веках. – А., 1964.
7. Отчет о работе Сектора археологической экспедиции за 1950 План работы на 1951– 1955 гг. Переписка по археологическим исследованиям за 1950 г. // Д. 11. Ф. 557. О.36